

# ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІНДЕГІ ДОМБЫРА ПИККОЛОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асет Джумабаев<sup>1</sup>, Айжан Бердібай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Биылғы (2024) жылы еліміздің музыка сүйер қауымы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің 90 жылдығын атап өтуде. Дүниеге келген алғашқы жылдарынан бастап, оның репертуарына қазақ күйлері мен әндерінің лайықтамаларымен қатар, еуропалық орыс композиторлары шығармалары да кірді. Ал бұл домбыраға реконструкция жасап, оның бірнеше тембрлі түрлерін шығаруды талап етті. Пикколо домбыраның жасалып, оркестрге қосылуы аспаптардың жоғарғы регистрдегі дыбысын күшейту қажеттілігінен туындады.

Пикколо домбыра 1980-ші жылдардан бастап музыкалық практикадан шығып, дыбысы тік әрі өткір шығатын, күйлер мен әндер және отандық авторлардың түпнұсқа шығармаларын орындау кезінде оркестрдің басқа аспаптарымен аса үйлесе бермейтін флейта пикколомен алмастырылды.

Мақала тақырыбының өзектілігі қазақ халық аспаптары оркестріндегі домбыра пикколоның маңызды рөлі мен оның қазақ этноорганологиясында әлі толық зерделенбеуімен байланысты. Мақала мақсаты – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестріндегі домбыра пикколо құрылысының ерекшеліктерін зерттеу. Оған жету жолында: 1) домбыра пикколоның қалыптасу тарихын зерделеу; 2) жергілікті және ресейлік шеберлер жасаған аспаптардың эрго-морфологиялық сипаттамасын көрсету; 3) домбыра пикколо құрылым бөліктерінің нақты өлшемдері мен физикалық параметрлерін одан әрі есептеу; 4) Эрик Хорнбостель мен Курт Закстың классификациясы бойынша пикколо домбырасының индексін анықтау секілді міндеттер атқарылды.

Зерттеуде кешенді және жүйелі тәсілдер, морфологиялық және салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Мақаланы дайындауда Николай Комаров және Сергей Федюнин секілді орыс халық аспаптары мамандарының идеялары маңызды болды.

Зерттеу нәтижесінде әртүрлі шеберлер жасаған пикколо домбыраларын салыстырғанда, олар құрылысы бойынша бір-бірінен ерекшеленетіні байқалып, аспап мензурасының, сондай-ақ, оның ішектерінің физикалық параметрлерінің есептеулері домбыра пикколоны жандандырудың маңызды алғышарттарының бірі бола алатынын көрсетті.

**Түйін сөздер:** Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі, реконструкция, домбыра пикколо бөліктері, аспаптың сым ішектері мен пернелері, аспаптың физикалық параметрлері

**Дәйексөз үшін:** Джумабаев, Асет және Бердібай Айжан. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестріндегі домбыра пикколоның құрылымдық ерекшеліктері. *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 3, 2024, 124-143 б., DOI: 10.47940/cajas.v9i3.915

**Алғыс:** «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакциясына, сондай-ақ анонимді рецензенттерге, сондай-ақ, домбыра пикколо құрылысының сызбасын салуға атсалысқан музыкалық шебер Ержан Абдрахмановқа және аспаптың сым ішектерінің физикалық өлшемдерінің (тығыздығы, көлемі мен массасының) есептеу формулаларын түсіндіріп, жүзеге асыруға көмектескен физика маманы - Манарбекова Тұныққа алғыс білдіреді.

*Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.*

## Кіріспе

1917 жылы Ресейде өткен Қазан төңкерісі сол мемлекет пен оның қарамағындағы елдердің тарихында бұрын-соңды болмаған жаңа әлеуметтік-экономикалық формацияға өтуінің басы болғаны белгілі. Мемлекеттік саяси жүйе Кеңестер республикасына біріккен халықтардың мәдениет саласын бақылауға алып, оның болашақтағы даму жолдарын айқындап, бұқараға мықты идеологиялық әсер ету құралы ретінде қарастырып пайдаланды.

Жаңа қоғамдық формация құруға күш салған мемлекеттің музыка мәдениеті саласындағы басты бағыты - оны еңбекші бұқараға жақындату болды. Сол себепті музыкадағы ұжымдық орындаушылық формаларына аса үлкен мән берілді. Өз монографиясында зерттеушілер Сергей Семаков және Ирина Семакова бұл туралы: «После революции 1917 г. внимание руководящих идеологических работников советской власти и

музыкантов был сосредоточено на проблеме массового вовлечения трудящихся в коллективную музыкальную деятельность. В этой связи в центре внимания находились оркестровая и хоровая музыкальная практика» — «1917 жыл төңкерісінен кейін Кеңес өкіметінің жетекші идеологиялық қызметкерлері мен музыканттардың назары еңбекшілерді ұжымдық музыкалық қызметке жаппай тарту мәселесіне аударылды. Осы орайда оркестрлік және хор музыкалық практикасы басты назарда болды»<sup>1</sup>, — деп жазады (Семаков, Семакова 274). XX -XXI ғасырлар тоғысында этномузыкатанушы мамандар Кеңес Одағындағы ұжымдық еуропалық академиялық халық аспаптық орындаушылықтың негізінен саяси-идеологиялық қызмет атқарып, бірқатар елдің ауызша тараған дәстүрлі музыкасының дамып өркендеуіне тосқауыл болғаны туралы пікірлер білдіре бастады. Этномузыкатанушы мамандар Динара Булатова мен Айшат Гаджиева: «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы саяси оқиғалар Ресей Империясының, Кеңес Одағының

<sup>1</sup>Авторлар аудармасы.

тағдырын өзгертті: дәстүрлі мәдениеттің барша тараптары бірыңғай жолға түсіріліп жаһандандырылды, сондықтан кейбір байырғы халықтардың және кейбір этникалық және жергілікті топтар мәдениеті жойылу алдында тұрды...»<sup>2</sup>, – деп жазса (Bulatova, Gadjeva 541), Орталық Азия елдері мәдениетіне Кеңес үкіметі еуропалық музыканың ұжымдық орындаушылық формаларын енгізгені туралы ой қозғаған зерттеуші Жан Дюринг: «...Such large-scale ensembles or orchestras are typically the product of authoritarian decisions, and do not appear spontaneously from purely aesthetic motives» - «...Мұндай көлемді ансамбльдер мен оркестрлердің пайда болуы кездейсоқ және таза эстетикалық ниеттен туындамады. Олар авторитарлы шешімнің нәтижесі болды»<sup>3</sup>, - дейді (2005). Ұжымдық халық аспаптық орындаушылықтың күрделі мәселелері белгілі отандық этномузыкатанушы Әсия Мұхамбетова еңбегінде де қарастырылады. Автор мұнда мемлекеттің ресми саясаты негізінен қазақ халық аспаптар оркестрін қолдауға бағытталғанынан жеке мектептердегі орындаушылық дәстүр оның көлеңкесінде қалғанын жазады (Мұхамбетова 338).

Дегенмен, өткен ғасырдың алғашқы ширегінде орасан әлеуметтік-саяси бетбұрыс нәтижесінде келген Кеңес Республикасы үкімі мен еліміздің бірқатар ірі қоғам және өнер қайраткерлердің тікелей атсалысуымен ашылған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі 90 жыл бойында отандық мәдениетіміздегі өзіндік қомақты орны бар ұжым екенін дәлелдеп келе жатыр. Алғашқыда репертуары дәстүрлі күйлер мен әндердің, еуропалық және орыс академиялық музыкасы лайықтамаларынан құралған ол еліміздің Евгений Брусиловский, Леонид Шаргородский, Сергей Шабельский, Мұқан Төлебаев, Василий Великанов, Сыдық Мұхамеджанов, Нұрғиса

Тілендиев, Кенжебек Күмісбеков, Мәкәлім Қойшыбаев, т.б. секілді XX ғасыр композиторлары шығармашылық шабытына серпін беріп, олардың төлтума туындылар жазуына, яғни, мәдениетімізде халық аспаптар оркестріне арналған музыка саласының туылуына әсер етті.

1934 жылы Бүкілқазақстандық өнерпаздар слетінде хроматикалық жүйеге негізделген домбыралармен күй тартып, өнерін көрсеткен алғашқы домбырашылар ансамбліне аталған іс-шарада үздік музыканттар ретінде іріктелген тұлғалар қосылып, нәтижесінде тарихымыздағы алғашқы халық аспаптар оркестрі құрылды.

Халық аспаптар оркестрінің құрамын түрлендіріп байыту нәтижесінде пайда болған домбыра пикколо туралы алғашқы деректер 1955 жылы жарық көрген «Казахский оркестр имени Курмангазы» (Бисенғали Гизатов) және 1963 жылғы «Атлас музыкальных инструментов народов СССР» кітаптарында жарық көрді (Константин Вертков, Георгий Благодатов, Эльза Язовицкая). Бисенғали Гизатов еңбегінде бұл аспаптың қысқаша ғана сипаттамасы берілсе<sup>4</sup>, ресейлік ғалымдар құрастыруындағы еңбектің қазақ музыкалық аспаптары туралы тарауында оның фотосуреті орналастырылған. Алайда екі қосарланған ішекті және 20 пернелі аспаптың қай жылы жасалғаны, шебері және қай жерде сақталғаны туралы ешқандай мәлімет келтірілмеген. 1977 жылы жарияланған «Музыкальные инструменты народов Советского Союза» кітабында Мәскеудегі Михаил Глинка атындағы Орталық мемлекеттік музыка музей қорында сақталған. 1936 жылы шебер Қамар Қасымов жасаған

<sup>2</sup>Авторлар аудармасы.

<sup>3</sup>Авторлар аудармасы.

<sup>4</sup>Монографиясының екінші басылымында (1994ж) бұл аспап туралы мәлімет келтірілмеген.

домбыра пикколоның қысқаша эрго-морфологиялық сипаттамасы келтірілген (Куликов 58).

Еліміздің музыкалық мәдениетінде 1930-шы жылдардан бастап, халық аспаптар оркестрінде қолданыла бастаған домбыра пикколоға арналған мәліметтер отандық авторлар ішінде музыка практикасымен тікелей байланысты мамандар (орындаушылар, дирижерлар және музыка шебері) жазбаларында кездеседі. Белгілі домбырашы – ұстаз Хабидолла Тастанов «Домбыра оркестрін қалай ұйымдастыру керек» еңбегінде алғаш рет қосарланған екі ішегі бар домбыра пикколо аспабының ноталық жолдардағы құлақ бұрауын *ми – ля* деп белгілеген (Тастанов 20). Ал дирижер Фуат Мансуровтың «Школа коллективной игры для оркестра казахских народных инструментов» оқу- әдістемелік жұмысында домбыра пикколоның шертпелі-плекторлы аспаптар қатарындағы нақты орналасу позициясы көрсетіледі (Мансуров 8). Жаңа ғасырда жарық көрген Тілеуғазы Бейсембектің монографиясы (2007) және Жамағат Темірғалиевтың оқу құралында (2010) да авторлар үш ішекті домбыра пикколоға назар аударған. Олардың алғашқысы бұл аспаптың 1957 жылы Мәскеуде жасалып, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрін басқарған кезде дирижер Шамғон Қажығалиев белсенді пайдаланғанын және құлақ бұрауы  $h^1 - e^2 - a^{2^5}$  болғанын жазса, Жамағат Темірғалиев домбыра пикколоның құлақ бұрауы *ми-ля-ре* екенін айтып, ноталық жолдардағы аспаптың диапазонын көрсететін толық дыбыс қатарын келтіреді (Темірғалиев 25). Жоғарыда сипатталған барлық еңбектерде аспаптың әр

<sup>5</sup>Ішектердің музыкалық биіктігі авторлардың белгілегені бойынша алынып отыр.

жылдарда болған реконструкциясындағы екі түрі туралы мәліметтер берілгені байқалады. Өкінішке орай, музыка мәдениетіміздің тарихында 1940–1980 жылдары оркестр партитурасында жеке тембр ретінде қызмет еткен домбыра пикколо, өткен ғасыр соңынан бастап сызбаларының жойылып, шеберлер оларды қалпына келтіре алмағанынан, қолданыстан шықты. Оның орны үрлемелі аспап – флейта пикколомен алмастырылды. Бұл үрлемелі аспап болғандықтан дыбысы, диапазоны және орындаушылық ерекшелігі жағынан домбыра тобындағы сым ішекті аспаптармен үйлеспейді. Қазақ оркестрінің партитурасы бойынша домбыра тобының акколадасына да кірмейді. Дыбыс диапазоны бұрын пайдаланылған, әсіресе, 1957 жылы Мәскеуде жасалып, дыбысы сәтті шықан деп бағаланған пикколо домбыралар оркестрлер қорында сақталмағанынан, олардың толық эрго-морфологиялық және дыбыстық құрылымы мен акустикалық сипатының зерттелуі қиындықтар туғызады.

Мақалада алғаш рет:

1) 1970 жылы жетілдірілген үш ішекті домбыра пикколо құрылысы дереккөздерде сипатталған алғашқы түрдегі нұсқасымен салыстырылып, ерекшеліктері сараланды;

2) Домбыра пикколо әрі қарай зерттеліп, пернелік жүйесі негізіндегі дыбыс қатары, ішектердің физикалық өлшемдері есептеліп шығарылды.

Зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер ішекті-шертпелі аспаптарға арналған ғылыми еңбектерде пайдаланылып, аспап құрылысының нақты өлшемдері – пернеаралық арақашықтықтар, ішектер тартылысы мен тығыздығы домбыра пикколоны жандандырып шығаруда музыкалық шеберлер практикасында қолданылуы мүмкін.

Зерттеу мақсаты – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар

оркестріндегі домбыра пикколо құрылысының ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Оған қол жеткізу үшін: 1) домбыра пикколоның қысқаша тарихын қарастыру; 2) отандық және мәскеулік шеберлер жасаған аспаптардың эрго-морфологиялық сипатын ашу; 3) домбыра пикколо құрылымдық бөліктерінің нақты өлшемдері мен физикалық параметрлерін есептеп шығару; 4) пикколо домбырасының индексін анықтау арқылы Эрик Хорнбостель - Курт Закстың классификациясын әрі қарай толықтыру секілді міндеттер қойылды.

Мақаланың зерттеу материалы ретінде Алматы қаласы «Мерей» жиһаз фабрикасының музыкалық шебері Тұрсынбай Шамшимов<sup>6,7</sup> 1970-ші жылдары жасаған домбыра пикколо, «Музыкалық аспаптар атласында» (Вертков, Благодатов, Язовицкая, 1963), және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған аталған аспаптың фотосуреттері, Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі бейнеленген деректі фильмнің үзіндісі алынды.

## Зерттеу әдістері

Домбыра пикколоның қазақ халық аспаптар оркестрінде пайда болуының тарихын қарастыру барысында мақалада *кешенді* және *жүйелі* тәсілдер пайдаланылып, аспап құрылысын қарастыруда — *морфологиялық*, ал домбыра пикколоның реконструкцияланған түрлерін зерттегенде *салыстырмалы-типологиялық* әдістер қолданылды. Домбыра пикколо пернелерінің байлануы, оның құрылысының анықталуында эргоморфологиялық ерекшеліктері ескеріліп, пернелер арасындағы қашықтықты — мензура өлшемін және ішектердің тартылу күшін, тығыздығын, көлемі мен массасын

(салмағы) анықтап шығарғанда орыс ішекті аспаптарының мамандарының өлшеу әдісі қолданылды (Комаров, Федонин, 107).

Домбыра пикколоның халықаралық музыкалық аспаптар жіктеуіндегі орнын белгілеп, индексін шығаруда мақала авторлары көрнекті этноорганологтар Эрик Хорнбостель және Курт Зак жүйесіне және домбыра мысалында оны жалғастырған белгілі отандық ғалым Сәуле Өтеғалиева тәжірибесіне сүйенді.

## Талқылау

Қазақ ұлт аспаптар оркестрін құру жұмысы домбыра аспабының негізінде жүзеге асты. Ұлтымыздың тұңғыш дирижері, академик Ахмет Жұбанов «Домбыра — қазақ музыка мәдениеті тарихында ең көп тараған аспап», - деп жазғаны белгілі (Жұбанов 110). Ленинград консерваториясында Василий Андреев атындағы орыс халық аспаптар оркестрінің жетекшісі Федор Ниманнан тәлім алған ол оркестр аспаптың бір тембрдегі түрінен ғана құралмайтынын: «Домбырадан оркестр құру үшін тек көп домбыраның басын қосып тартуға болмайды. Өйткені сан жағы көп болғанымен бәрі бір қалыпта болса, оркестрдің дыбысы да бірыңғай, жалаң болып шығады», - деп түсіндіреді (Жұбанов 23).

Домбыра тобына кірген аспаптар диапазоны бойынша *пикколо*, *прима*, *секунда*, *тенор*, *альт*, *баритон*, *бас және контрабас* болып бөлінді. Сыртқы пішіні жағынан домбыралар

<sup>6</sup> Шебер Т. Шамшимов 1952 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылында дүниеге келген.

<sup>7</sup> Еліміздегі мұражайлар мен орындаушылардың жеке қорында ағайынды Б. және М. Романенколар және Қ. Қасымов жасаған домбыра пикколо аспабы сақталмаған.

бір-біріне ұқсас болғанымен, дыбыс тесситурасына қойылатын талаптар олардың әртүрлі болып жасалуына әсер етті. Сондықтан тембрлік бояуының жаңарғанынан оларды жаңа үлгідегі аспаптар ретінде қарастыруға болады. Исландиялық органиолог Тор Магнусон: “The creation of new instruments is always a dialectic process that happens through changes such as new cultural forms, technological advances or architectural improvements” – “Жаңа аспаптарды жасау әрдайым диалектикалық үдеріс болып табылады. Ол жаңа мәдени формалар, технологиялық жетістіктер немесе архитектуралық жетілдірулер арқылы жүзеге асады”, – дейді (Magnusson, 2021)

Оркестрде қолданылатын домбыраның көлемі бойынша ең шағын түрі *домбыра пикколо* деп аталады. Ол биік тембрлі аспаптар дыбысын күшейту және болашақта жеке партиялар орындау мақсатында жасалды.

Жарияланған және архивтік деректерге сүйенгенде, ұлттық музыка аспаптарын жетілдіру, яғни реконструкциялау тұңғыш рет 1933–1937 жылдар аралығында Ахмет Жұбановтың басшылығымен және музыка аспаптарын жасаушы шеберлер Қамар Қасымов пен ағайынды Борис және Эмануил Романенколардың қатысуымен жасалған (Бейсембаев 130)<sup>8</sup>. «Репертуарына ұлттық және батыс еуропалық классика үлгілері кірген ұжымдық орындаушылықтағы аспаптарға реконструкция жасау олардың концерт залдардарында акустикалық мүмкіндіктерін күшейтуге бағытталумен қатар, көркемдік идеяны дұрыс жеткізу мақсатында әртүрлі тембрдегі аспаптарды

өзара тиімді үйлестіру үшін де қажет болды» (Джумабаев Бердібай 71). Бұл мәселенің басқа ұлттар мәдениеттеріне де қатысты екенін Линлан Жу және Стефен МакАдамстың “Timbral blend is fundamental in various musical activities for shaping sounds and musical intentions”, – «Әртүрлі музыкалық айналымдарда тембрлердің өзара үйлесуі дыбыстар мен музыкалық ой-тұжырымның қалыптасуының негізі болады»<sup>9</sup>, - деген пікірінен байқауға болады (2024).

Домбыра пикколо Қазақ ұлт аспаптар оркестріне 1936 жылдан бастап кірген домбыра прима негізінде жасалды. Музыкалық оқу орындарында домбыра пикколо жеке мамандық ретінде оқытылмағанымен, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында домбыра прима аспабында білім алып жүрген студенттер осы домбыра пикколоны білу міндетті болды (Сарыбаев 24).

Домбыра пикколо алғашында екі қосарланған ішекті, төрт құлақты болып келді (Вертков, Благодатов, Язовицкая 134). Құлақ бұрауы  $e^2$ ,  $e^2 - a^2$ ,  $a^2$  деп белгіленгенімен, жазылуы бірінші октавада болды:



1-ші сурет. Домбыра пикколоның құлақ бұрауы.



2-ші сурет. Домбыра пикколоның хроматикалық дыбыс қатары мен диапазоны.

Домбырашы-ұстаз Хабидолла Тастанов дыбыс биіктігін домбыра примамен салыстырғанда, пикколоның үні бір октаваға жоғары шығатынын жазған (Тастанов 20). Шебер Қамар Қасымов бұл аспаптың дауысы өткір, әрі шикылдап тұрғандығынан, оған «*Күзен*» деп ат қойған (Бәделхан, Жәкішева 170).


<sup>8</sup>Ахмет Жұбанов домбыра пикколо шеберлері ретінде ағайынды Борис және Эмануил Романенколарды, ал Владимир Куликов Қамар Қасымовты атайды.

<sup>9</sup>Авторлар аудармасы.



Алғашқы домбыра пикколо аспабының құрылысын сипаттаған Владимир Куликов аспаптың басы, мойны және шанағы шамшаттан (бук), бет қақпағы шырша ағашынан жасалған, пернесі ішектен тағылған, саны 10. Ал сым ішектің ұзындығы  $l = 60$  см болғаны туралы жазса (Куликов. 14), Қамар Қасымов аспаптың шанағының ұзындығын  $l = 18,3$  см, мойныныкін  $l = 15,2$  см деп толықтырады (Бәделхан, Жәкішева 158)

Домбыра пикколоның 1940-шы жылдары жетілдіру үстінде болғанын Құрманғазы атындағы Қазақ халық аспаптар оркестрінің бас дирижері



3-ші сурет. Қосарланған екі ішекті домбыра пикколо аспабы.

Шамғон Қажығалиевтың Қамар Қасымовқа 1962 жылы 16 ақпан айында берген анықтамасы растайды. Бұл құжатта 1949 жылы домбыра пикколо аспабын шебер Қамар Қасымов жасағаны және дирижер оның өнерін

жоғары бағалағаны туралы айтылады (Джумабаев, Бердібай).

Қазақ мемлекеттік Орталық кино және фото құжаттар архивінде Құрманғазы оркестрінің артистері шертпелі-плекторлы (домбыра пикколо, прима, бас, контрабас) аспаптармен шығарма орындап отырғанын көрсететін деректі фильм сақталған. Мақалада ол QR-код-пен берілді.

Домбыра пикколоның екінші реконструкциясы 1957-1958 жылдары Мәскеудегі музыка аспаптарының (тәжірибелік шеберхана) фабрикасында жүзеге асты. Бұл кезде оның шанағы, мойны, пернесі, құлағы және тиегі қайта



ҚР. ОМҚФДЖА. Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары архиві. Құрманғазы атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің шертпелі-плекторлы топтары.

қарастырылып, Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің арнайы тапсырысы бойынша басқаша үлгіде, дәлірек айтқанда, орыстың домра пикколосындай, үш ішекті аспап болып жасалды. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Қазақ ССР Мәдениет министрі Амир Қанапинге жазған хатында КСРО астанасында домбыра пикколо сапалы ағаштардан, акустикасы жағынан Гц өлшеміне сай жасалғаны туралы жазылған (Қазгосфилармония № 1/243. 25 сентября 1957 г.).

Мәскеулік реконструкция кезінде дайындалған аспап бүгінгі күнге дейін сақталмағандықтан, оның сыртқы келбетін Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің 1965-ші жылы түсірілген фотосуретінен көруге болады. Бұл аспаптың орындаушысы Қаз. ССР-нің еңбек сіңірген артисі Петр Кан болды. (4-ші суретті қараңыз). Суретте көрсетілгендей, домбыра пикколо аспабын ыңғайлы ұстап отыру үшін, орындаушы оң аяқты сол аяқтың үстіне жартылай айқастыра отырады. Аспаптың шанағы кішкентай болғандықтан, оң аяқ сәл көтерілгенде аспап нық орнығып тұрғанын, ал орындаушының сол қолы аспаптың бас жағын иықпен қатарласа ұстағанын көруге болады.

Құрманғазы оркестрінде бірқатар жыл бойы домбыра пикколо аспабында отырған білікті маман — орындаушылар: Петр Кан, Абдол Ниязғожаев және Николай Лапченков.

## Нәтижелері

Қазақ оркестрінде қолданылған шертпелі плекторлы аспаптардың құрылысы жоғарыда аты аталған мамандар еңбектерінде толық және нақты берілмегендіктен, зерттеу барысында домбыра пикколоның морфологиялық ерекшеліктері арқылы оның физикалық сипаттамасы, ал эргологиялық ерекшеліктерін қарастырғанда, өндірістік материалы анықталды.

Домбыра пикколоның сызбасын дайындауға мақала авторларына музыкалық шебер Ержан Абдрахманов<sup>10</sup> көмектесті. Ол сызба «Мерей» жиһаз фабрикасында жасалған аспаптың фотосуреті бойынша сызылды.

Домбыра пикколо аспабы бас, мойын, кеуде, шанақ және қақпақ деген бес бөліктен тұрады. Осы бөлікке қосымша

<sup>10</sup>Ержан Нұрланұлы Абдрахманов 1986 жылы Алматы қаласында дүниеге келген.



4-ші сурет. Домбыра примашылар тобы. ОМА. 1823 қор, 3 тізімдеме, 207 іс.

құлақ, шайтан тиек, кемер, тұжым, бастырма, ішек, үндік, қалқа, серпер, желкелік, үлкен тиегі, түймелері кіреді.

Бұл аспап<sup>11</sup> ҚР Ұлттық кітапханасының «Өнер залы» бөлімінің қорында тарихи ескерткіш ретінде сақтаулы.

Аспаптың жалпы ұзындығы:  $l=59$  см. Шайтан тиек пен үлкен тиектің аралық өлшемі:  $l=280$  мм. Алақан (басы)  $l=10$  см, ені;  $a=5.5$  см. Домбыра пикколо аспабына ішектерді тағып бекіту үшін арнайы винтті құлақтар орнатылған. 3 құлақ аспаптың алақан бөлігіне қиғаштап орнатылған. Мойнының ұзындығы: (шайтан тиектен, желкелікке дейін) — 24 см, соңғы пернеге дейін  $l=32$  см.



5-ші сурет. Домбыра пикколоның құрылысы және бөлшектерінің атаулары.



Аспап мойнын көлденеңінен өлшегенде, бас жағы:  $a = 2$  см, ортасы:  $b = 2.5$  см, аяқ жағы:  $c = 3$  см. Мойын шанаққа орнатылған жерінен (желкелік) соңғы пернеге дейін:  $t = 9$  см. Мойыннан үндікке дейін  $t = 10$  см, үндіктен тұжымға дейінгі аралық:  $t = 15$  см. Қақпақ беті көлденеңнен (ені) үш жерден өлшенді:



6-шы сурет. Алматы «Мерей» жиһаз жасау фабрикасының музыка шеберханасында жасалған домбыра пикколо аспабы.

Қақпақ бетінің  $t = 26$  см, көлденеңнен қалқаның тұсы, үндікке дейін ені:  $a = 14$  см. Тиек айналасы:  $a = 19$  см, ал аяқ жағы (тұжым бөлігі)  $a = 17$  см. Шанақ тереңдігі:  $= 21$  см. Бет қақпақ – 2 тақтайшадан құралып жапсырылған. Шанақ жалпақтығы әртүрлі 7 бөліктен құралған. Астынан санағанда, олардың әрқайсысының жалпақтығы: 1, 2, 6, 7-ші тақтайшалар 4 см болса 3 пен 5-ші тақтайша 5 см ал 4-ші 6 см өлшемінде кесілген. Бұл жердегі 3, 4, 5 тақтайша шанағының басқалардан 1, 2 см артықшылығының өзі аспаптың

кішкентай шанағының ортасы сәл жалпақтау болып орындаушының ұстап отыруына ыңғайлы екенін білуге болады. Шанақтың сыртқы пішіні сопақшалау болып келген. Бастырма (накладка, мензура)  $h = 1$  см,  $t = 33$  см. Пернелер болат темірден тұрақты қылып орнатылған, саны – 19, үндік тесігі – 1, тиек. 1, тиектің  $h = 1$  см, ал көлденеңінен:  $b = 12$  см. Бет тақтайдағы қалқа (панцирь) оюлармен өрнектелген. Қалқа ағаштың жұқа бет қабығынан (шпон) жасалып аспаптың бет қақпағына оюлап жапсырылған. Аспаптың 3 құлағы винтті механизмнен жасалған.

Елімізде плекторлы аспаптарға ішек шығаратын фабрикалар болмағандықтан, Ресейде арнайы плекторлы аспаптарға арналған завод, фабрикаларда аспаптың диапазонына қарай шығарылған сым ішектер тағылды. Домбыра пикколо ішектерінің әрқайсысына төменгі регистрден бастап жоғары қарай түсініктеме бергенде,  $h1$  – ішегінің  $t = 510$  мм. Осы ішектің тартылысы  $T = 11,4$  Н; Дыбыстың тазалығын Гц пен көрсеткенде 493,84.  $e2$  – ішегінің  $t = 490$  мм. Тартылысы  $T = 10,7$  Н; Гц көрсеткіші 659,2.  $a2$  – ішегінің  $t = 450$  мм. Тартылысы  $T = 9,8$  Н; Гц 880.

Домбыра пикколоға тағылатын сым ішектің көлемі мен диаметрін анықтай келе ішектің тығыздығы физикалық формуламен есептелді. Алдымен  $V = m/d =$  көлемнің формуласы бойынша сым ішектің салмағы<sup>13</sup> мен диаметрін есептей келе, көлемі шығарылды<sup>14</sup>. Ішектің салмағы  $m = 0,4$  гр болса ал диаметрі  $d = 0,4$ -ке тең шықты. Енді

<sup>13</sup>1957 жылы Мәскеуде жасалған домбыра пикколо аспабы қолымызда болмағандықтан, өнертанушы Владимир Куликов сипаттап жазып кеткен 1936 жылғы аспапты «Мерей» цехында жасалған 1970-ші жылдардағы пикколомен салыстырғанда, соңғы аспаптың мойын ұзындығы ( $t = 59$  см) алдыңғыдан қысқалау және мойнының көлденеңнен сол қолға орындау жағынан жалпақтау болғанынан ыңғайсыздық тудыратыны анық.



7-ші сурет. Домбыра пикколоның құлақ бұрауы.



8-ші сурет. Домбыра пикколоның хроматикалық дыбыс қатары мен диапазоны<sup>12</sup>.

осылардан шыққан санды бір-біріне бөліп, ішектің көлемі анықталды. Физикалық формулада  $V = m/d = 0,4/0,4 = 1 \text{ м}^3$  болып көрсетіледі. Келесі кезек домбыра пикколоға тағылатын сым ішектердің тығыздығын шығару. Ол үшін масса көлемге бөлінеді:  $\rho = m/V$ , бұл көрсеткішке  $\rho = m/V = 0,4/1 = 0,4 \text{ кг/м}^3$  формуласы қолданылды<sup>15</sup>. Домбыра пикколоның ішектерінің тығыздығы  $\rho = 0,4 \text{ кг/м}^3$  тең болды.  $h^1 - e^2 - a^2$  бұрауымен домбыра пикколо аспапбы оркестрдің жоғарғы регистрін күшейтті.

Жалпы алғанда, этникалық немесе оның негізінде жетілдірілген аспаптар үнінің сапасы олардың жасалу материалына және құрылысына тәуелді болатыны белгілі. Бұл әртүрлі елдер музыка аспаптарының жасалып, дыбыстарының төлтума сипатымен ерекшеленуінің басты алғышарттарының

<sup>12</sup>Домбыра пикколоға алғашқы кезде домбыра прима аспабы сияқты қосарланған ішек тағылып,  $e^2 - e^2, a^2 - a^2$  бұрауына келтірілді (естілуі бір октаваға жоғары). Дирижер Ш. Қажығалиевтің 1957 жылғы реконструкциясынан кейін төменгі үшінші ішек тағылып, аспап бұрауы  $h^1 - e^2 - a^2$  болып өзгерді.

<sup>13</sup>Масса — материяның инерциялық және гравитациялық қасиетін анықтайтын физикалық шама.  $m$  — масса.

<sup>14</sup>Көлем,  $V$  — дене немесе заттың кеңістікте алатын бөлігін сипаттайтын шама. Өлшем бірлігі:  $V = m^3$ . Көлемнің формуласы  $V = m/(d)$ .

<sup>15</sup>Тығыздық,  $\rho$  — дене массасының оның көлеміне қатынасын анықтайтын скаляр физикалық шама. Өлшем бірлігі:  $\rho = \text{кг/м}^3$ . Тығыздықтың формуласы  $\rho = m/V$ .

бірі. Мысалы, Малайзия аспабы *sarung* зерттеген *ғалымдар* Ти Хао Вонг, Ахмад Сайфизул, Рахизар Рамли және Минг Фунг Сунг: «Our findings highlight wood type as crucial for sarung quality. Additionally, instrument dimensions and fret settings impact its overall quality. These results offer guidance for sarung makers to improve instrument quality and potentially contribute to preserving Sarawak's cultural heritage»-«Біздің нәтижелеріміз бойынша, сарунгтің сапасы үшін оның жасалған ағаш түрінің шешуші маңызы бар. Сонымен қатар, аспаптың жалпы сапасына оның көлемі мен ладтық бұрауы да әсер етеді. Сарунг жасайтын шеберлер осы нәтижелерді басшылыққа алып, аспаптардың сапасын жақсартуы Саравак мәдени мұрасын сақталуына ықпал етеді»<sup>16</sup>, - деп жазады (2023).

Домбыра пикколо аспабы шанақ, мойын, алақан (басы) құрама бөлшектерден, ал материалы сол кезеңдерде қолданыста болған шамшат, қарағай және шырша ағаштарынан желімделіп құралды.

Аспап тек медиатормен ғана ойналады. Алғашқы кезеңде домбыра пикколоның медиаторы, домбыра примадағыдай, тасбақаның сүйегінен жасалса (Тастанов 41), қазіргі уақытта капролан материалынан жасалынады.

Домбыра пикколо мойнындағы пернелері дыбыстар таза шығуы үшін арнайы формуламен теориялық есептеулерде  $n$ : интервалды коэффициенті қолданылды:  $n = \sqrt[12]{2} = 1,05946$  (Комаров, Федюнин 107). Домбыра пикколоның құлақ күйін нақты келтіріп, шайтан және үлкен тиектерінің аралық ұзындығы өлшенді. Ол  $l = 280 \text{ мм}$  болды. Осы формула көмегімен бірінші перненің параметрі анықталды.

Үлгі: 1

$$l_1 = 280/1,05946 = 264,2 \text{ мм.}$$

Осы әдіспен әр пернеден шыққан санды 1,05946-ға бөліп, аспап мойнындағы барлық пернені осы өлшеммен орнатуға болатыны

анықталды. Формуламен есептегенде, домбыра пикколоның 19 пернесінің төмендегідей өлшем бірліктері шығарылды:

